

**№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен) КММ
Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 3**

Өткізілу күні: 30 желтоқсан 2022 ж
Уақыты: 11:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.
Хатшы: Байдуллаева А.Б.

Күн тәртібінде:

1. « II-тоқсанның қорытындысы. I-жарты жылдықдың білім сапасы.» Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б.Жакуда Г.Н.
2. «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» I-жарты жылдық бойынша тәрбие жұмысының қорытындысы, өтіп жатқан шараларға сыныптардың қатысымына рейтинг жүргізу. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсенбай А.К.
3. Педагог әдебімен таныстыру. Мектеп – гимназия директоры: Культаева Э.К.
4. Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу, біліктілік арттыру курсы бойынша мәселелер. I –жарты жылдыққа педагогтадың жұмысына мониторинг жүргізу. Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т.
5. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың I- жарты жылдыққа қорытындысы.» Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.
6. Мобильдік топтың жұмысы. Мектеп психологы: Каймолдина М.Е.
7. Мектептің әлеуметтік жағдайы.. Мектептің әлеуметтік педагогы: Мамбеткулова А.К.
8. I – жарты жылдық бойынша интернаттың жұмысына есеп беру. Интернат меңгерушісі: Таймова А.С.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б.Жакуда Г.Н. « II-тоқсанның қорытындысы. I-жарты жылдықдың білім сапасы.» 2022-2023 оқу жылының II тоқсанында №7 Хромтау мектеп гимназиясының 2-11 сынып аралығындағы контингенті 500 білім алушыны құрады. Оның ішінде, денсаулығына байланысты 10 «А» сынып оқушысы Е.Қайырбай уақытша аттестатталмады.

2 «А» сыныбының білім сапасы – 67,86%, I тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы өзгеріссіз. 2 «Ә» сыныбының білім сапасы – 46%, I тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 4% төмендеген. Себебі, М.Жайшылықтың орыс тілі пәнінен бір үш деген бағаға шығуы, пән мұғалімі А.С.Казмагамбетова. 2 «Б» сыныбының білім сапасы – 53,85%, I тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 7,7% өскен. А.Кушкинбаев қазақ тілі және әдебиеті пәнінен бір үш деген бағаға шыққан, пән мұғалімі Н.Шүіншалина. 3 «А» сыныбының білім сапасы – 61,9%, I тоқсанмен салыстырғанда 2,81% өскен. 3 «Ә» сыныбының білім сапасы – 47,37%, I тоқсанмен салыстырғанда 2,63% төмендеген. Себебі, сыныпқа үлгерімі төмен оқушының қосылуы. 3 «Б» сыныбының білім сапасы – 50%, I тоқсанмен салыстырғанда 4,55% төмендеген. Себебі, Д.Умирзақов шет тілі (ағылшын) пәнінен бір үш деген бағаға шыққан, пән мұғалімі Ж.Бртаева. 4 «А» сыныбының білім сапасы – 60,87%, I тоқсанмен салыстырғанда 4,35% өскен. 4 «Ә» сыныбының білім сапасы – 58,33%, I тоқсанмен салыстырғанда 4,16% өскен. 4 «Б» сыныбының білім сапасы – 37,5%, I тоқсанмен салыстырғанда 10,83% өскен. Жалпы бастауыш білім беру бойынша білім сапасы 54,89% болды, I тоқсанмен салыстырғанда 1,52% өсім бар. 5 «А» сыныбының білім сапасы – 37,04%, I тоқсанмен салыстырғанда 7,41% өскен. Ә.Қамбар, Д.Серикбаева қазақ тілі пәнінен бір үш деген бағаға шыққан, пән мұғалімі Т.Жанұзақова. 5 «Ә» сыныбының білім сапасы – 48,15%, I тоқсанмен салыстырғанда 1,85% төмендеген. Себебі, сыныпқа үлгерімі төмен оқушының қосылуы.

6 «А» сыныбының білім сапасы – 46,15%, I тоқсанмен салыстырғанда 1,85% төмендеген. Себебі, сыныпқа үлгерімі төмен оқушының қосылуы. А.Мерген математика пәнінен бір үш деген бағаға шыққан, пән мұғалімі С.Искендірова. 6 «Ә» сыныбының білім сапасы – 48,15%, I тоқсанмен салыстырғанда өзгеріссіз. 7 «А» сыныбының білім сапасы – 47,62%, I тоқсанмен салыстырғанда 2,38% төмендеген. Себебі, үлгерімі жақсы оқушының басқа мектепке ауысуы. 7 «Ә» сыныбының білім сапасы – 45,45%, I тоқсанмен салыстырғанда 2,17% төмендеген. Себебі, сыныпқа үлгерімі төмен оқушының келуі. 8 «А» сыныбының білім сапасы – 44,83%, I тоқсанмен салыстырғанда 10,35% жоғарылаған. 8 «Ә» сыныбының білім сапасы – 33,33%, I тоқсанмен салыстырғанда өзгеріссіз. 9 «А» сыныбының білім сапасы – 56%, I тоқсанмен салыстырғанда 4% жоғарылаған. 9 «Ә» сыныбының білім сапасы – 31,58%, I тоқсанмен салыстырғанда 3,8% жоғарылаған.

Жалпы, негізгі орта білім беру бойынша білім сапасы 44%, I тоқсанмен салыстырғанда 2% өсім бар. 10 «А» сыныбының білім сапасы – 58,82%, I тоқсанмен салыстырғанда 5,88% жоғарылаған. 10 «Ә» сыныбының білім сапасы – 42,86%, I тоқсанмен салыстырғанда 4,82% жоғарылаған. 11 сыныптың білім сапасы – 53,57%, I тоқсанмен салыстырғанда 3,57% жоғарылаған.

Жалпы орта білім беру бойынша білім сапасы 51,52% , I тоқсанмен салыстырған 4,55% өсім бар. Мектеп-гимназия бойынша білім сапасы 49% құрады, бұл өткен тоқсанға қарағанда 2% жоғары. Жалпы, 89 оқу озаты, 156 үлгерімі жақсы оқушы бар.

2-мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсенбай А.Қ. «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» I-жарты жылдық бойынша тәрбие жұмысының қорытындысы, өтіп жатқан шараларға сыныптардың қатысымына рейтинг жүргізу. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелер жайында мұғалімдермен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға қажетті жеткізу тапсырылды. Сонымен қатар I-жарты жылдық бойынша тәрбие жұмысының қорытындысына есеп беріліп, өтіп жатқан шараларға сыныптардың қатысымына рейтинг жүргізіліп, белсенді сынып жетекшілерді, сыныптарды атап өтті.

3-мәселе бойынша: Мектеп – гимназия директоры: Культаева Э.К. Педагог әдебімен таныстырып өтті. Дөрекі сөйлемей, өзін-өзі дұрыс ұстау. Педагог санатына сай киім үлгісін келтіріп киіну. Жұмыстан тыс уақытта да педагог атына кір келтірмеу керектігі айтылып өтті. Білімалушылардың алдында, ата-аналармен тіл табыса білу қажеттілігі жайлы ескертілді.

4-мәселе бойынша: Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т. Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу , біліктілік арттыру курсы бойынша мәселелер. I –жарты жылдыққа педагогтадың жұмысына мониторинг жүргізу. Қазіргі таңда аттестацияға өзгерістер енгізу мақсатында тест ашылмай тұр. Сондықтан аттестаттаудан өтемін деген педагогтар портфолиоларын дайындай беру керектігі ескертілді. **Барлығы-53 мұғалім**

Білімі бойынша: Магистр- 3 6 % , Жоғары - 43 81 % , Арн/орта – 7 13 %

Санаты бойынша: Педагог-шебер - 1 2% , Педагог-зерттеуші - 10 19 % , Педагог-сарапшы - 9 17 % , Педагог-модератор - 19 36 % , Педагог-санаты жоқ - 14 26% **Пед сапалық құрамы бойынша (39) – 74 %** Сонымен қатар ескертусіз АББ сұранысқа енбеген педагогтар курстарға

жазылып өз бетінше барып оқуға, сұраныссыз олимпиада байқауларға қатысуға қатаң тыйым салынатыны жайлы айтылып кетті. Базалық курстан өткен педагогтар саны – 50. Өтуі тиіс - 4 Инклюзивті оқыту курсынан өткен педагогтар саны – 23 - 1/80, 8/40, 14/14 сағ. Өтуі тиіс - 30 Деңгейлік курстан өткен педагогтар саны- 6 Тренерлік курстан өткен педагогтар саны - 6 I –жарты жылдыққа педагогтадың жұмысына мониторинг жүргізіліп қорытындысы мынадай:

Бас жүлде: Биржанов Р.А. - 135 ұпай 1 – орын: Жанұзақова Т.З. - 90 ұпай, Сатмагамбетова Б.Т. - 85 ұпай , Жақуда Г.Н. – 75 ұпай

2 – орын: Утегенова Г.У. – 55 ұпай, Нугманова З.Б. – 50, Изекешева А.М. – 50, Бижанова Р.И. – 50, Бактыбаева Д.К. - 40, Даулетова Л.Б. – 40.

3 – орын: Тоқсамбаева Қ.А. - 35 , Дүйсенбина Г.К. - 30 , Мусина А.Н. – 25, Жекеева А.Ш. - 25 Қарымсақ Е.Б. - 25.

5-мәселе бойынша: Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың I- жарты жылдыққа қорытындысы.» №7Хромтау мектеп-гимназиясының дарынды оқушыларымен 2022-2023 оқу

жылының I-II тоқсанында жүргізілген жұмыстар бойынша таныстырып өтті. Барлық байқауларға мектебімізден оқушылар уақытылы қатыстырылып, жүлделі орындарға ие болғаны туралы тілге тиек етті. Әсіресе мектебіміз ашылғалы бері (2019 жылдан бастап) бірінші рет жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсында облыстық кезеңде жүлделі II-орынға ие болған 8 класс оқушысы Айтуған Аяна (жетекшісі Биржанов Р.А тарих пәні мұғалімі) туралы тоқталып өтті. Сонымен қатар, жыл сайын өтетін ғылыми жобалармен шығармашылық байқауларға оқушыларды көбірек қатыстыру керектігіне баса назар аудару керек екенін ескертті. Жыл сайын 9,10,11 класс оқушылары арасында өтетін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиада 2023 жылғы 16-21 қаңтар аралығында өтетіні туралы айтып өтті. Аталған пәндік олимпиадаға оқушылардың дайындығын күшейтіп, былтырғы жылғыдай республикалық деңгей жеткен нәтиже көрсетуге сәттілік тіледі.

6-мәселе бойынша: Мектеп психологы: Каймолдина М.Е. Мобильдік топтың жұмысы. №7 Хромтау мектеп-гимназиясының 15.09.2022 ж. №69\1-н\қ бұйрығы шығарылды. Мобильдік топтың құрамына мектеп –гимназиясының директоры ,тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,педагог-психолог, медбике,әлеуметтік педагог ,кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі Инспектор осы лауазымды мамандар кіреді. Мобильдік топ жоспарын құрмастан бұрын білім алушыларды бақылап,жұмыс нәтижесіне сәйкес тізімге енгізіледі. Содан соң тізімде тұрған білім алушыларға жоспар құрылады. Тізімге мынадай білім алушылар кіреді:физиологиялық өлшемдер, әлеуметтік өлшемдер,қылықтық критериясы өлшемдер, психологиялық өлшемдер бар оқушылар кіреді. Есепке төрт білім алушы алынып жоспарға сәйкес мынадай жұмыстар атқарылды: «Қыз қылығымен көрікті», «Ата -ана -бала-мұғалім» тренинг,Мен зорлық зомбылыққа қарсымын,«Отбасы бақытты мекені» ата -аналарға арттерапия және фототерапия элементтерімен психологиялық кеңес сабағы.Сонымен қатар жеке жұмыстар.

Қорытындылау келе I- жарты жылдық есебіндегі тізімде тұрған 4 білім алушының 2 оқушысы тізімнен алынды. Жұмыс нәтижесінің қорытындысында өздерін жақсы көрсетті



7-мәселе бойынша: Мектептің әлеуметтік педагогы: Мамбетқұлова А.К. Мектептің әлеуметтік жағдайы. 1) “Мектепке жол” акциясы 2) Қаржылай көмек 3) Әлеуметтік статусы бойынша балалардың жаңа жылдық шыршаға қатысуы. [11:08, 09.01.2023] Әсемгүл әлеумет пед: Тамыз-қыркүйек айларында №7 ХМГ «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Демеушілер 35 балаға, оның ішінде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған,аз қамтылған отбасылардың балаларына мектепке қажетті өздерінің қалауы бойынша киім кешек пен кеңсе тауарлары түрінде материалдық көмек көрсетті. Көрсетілген көмектің жалпы құны 1 124 000 теңге. Демеушілер: мектеп ұжымы, жеке кәсіпкерлер, Дөң тау – кең байыту комбинаты. [11:09, 09.01.2023] Әсемгүл әлеумет пед: 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының үкіметінің 2008 жылы 25 қаңтар № 64 қауылысы негізінде 35 балаға жекелеген санаттағы, қамқоршылықтағы, көпбалалы отбасыдан шыққан және аз қамтылған отбасы балаларының қаржылай және материалдық көмек көрсету аясында әр балаға 37.207 теңгеден жекелеген шоттарына аударылды. Әр ата - ана тарапынан мектеп әлеуметтік педагогына балаға алған киім кешектің чектерің ұсынды. Мектебімізден Президенттік шыршаға Ізмағамбет Шаріп қатысты. Аудан әкімінің шыршасына 7 бала қатысты, Дөң тау-кен байыту комбинатының ұйымдастырылған шыршаға мектебіміздің 4 білім алушысы қатысты. Барлық балаларға бағалы сыйлықтармен және тәттілер табысталды

8-мәселе бойынша: Интернат меңгерушісі: Таймова А.С. I – жарты жылдық бойынша интернаттың жұмысына есеп беру.Биылғы 2022-2023 оқу жылында интернатқа 11 бала қабылданды.Оның 5-ер бала,6-қыз бала.Тәрбиеленушілер.Көп балалы отбасы саны:2,Жалғыз басты анамен тәрбиеленетін:2,Үздік оқушы:2 ,Екпінді:5,Қалған 3 оқушы орташа оқиды.Тәрбиеленушілер Хромтау ауданына қарасты елді мекендерден атап айтсақ:Абай,Қарлау,Аққұдық,Тассай,Көктау ауылдарынан келіп отыр.Жаңадан келген балалардың ата-анасымен сөйлесіп,ішкі интернат тәртіптері түсіндірілді.Жалпы қауіпсіздік ережелерімен

таныстырылды. СанПин ережелеріне сүйене отырып, мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру гигиеналық талаптарды сақтау жөнінде жұмыстар ұйымдастырылды. Алға қойған мақсат міндеттері жүзеге асыру үшін оқу жылдың басында тәрбиеленушілерді адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге жан – жақты, мол салауатты тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жасап бекітірілді. Тәрбие сағаттарын жоспарға сай уақытында оқушылар танысып отырады. Осы балаларға тәлім тәрбие беріп, тәрбиеленушілердің ішкі тәртібін айтып күнбе-күн оқушылардың, яғни бастауыш сынып оқушылардың оқу құралдарын түгендеп, сыртын қаптап, дәптерлерінің толтыруын қадағалап отыратын 2 күндізгі, 2 түнгі тәрбиеленушілер бар. Тамақтану ісімен, медициналық көмек көрсету ісімен диетбике Сармағамбетова Қ, медбике Бектұрған Қ. Өз жұмыстарын атқарып жүрді. Балалардың төсек орны жетісіне 2 мезгіл алмастырылып тұрады. Кір жуушы Утенова Ү. Мекеме кезекшілігінде отыратын: Аккулова Т. Шуканова М. Түнгі кезекшілікте отыратын 2 аспазшы бар Ермаганбетова А. Танатова Т. Токсан соңынан тәрбиеленушілер сәтті аяқталды. Ата-аналармен тәрбиеленушілерге қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары, пиротехникалық бұйымдарды пайдалану шаралары, демалысты тиімді пайдалану жөнінде жиналыс өтті.

Шешім:

1. Білім сапасын көтеру мақсатында бір пәннен «3», «4» -ке шыққан оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу, сабақтарға қатысу қадағалауға алынсын.
2. Білімалушылардың қысқы каникул кезіндегі өмір қауіпсіздігіне баса назар аударып, өмір қауіпсіздік ережелерімен, нұсқаулықтары қатаң сақталсын. Өтетін шараларға барлық сыныптардың қатысымы қатаң қадағаланын.
3. Педагогтар әдебін әрбір мұғалім ұстай білсін.
4. Аттестаттаудан өтіп жатқан педагогтардың дайындығы күшейтілсін. Біліктілік арттыру курстарына АББ сұранысына ілікпеген педагогтардың қатыстырылмауы қадағаланын. Өтіп жатқан барлық кәсіби олимпиада, байқауларға педагогтар өз қызығушылықтарымен қатысып отырсын.
5. Пән мұғалімдері Дарынды балалармен жұмысты күшейтіп, өтіп жатқан барлық олимпиада, байқауларға білімалушылардың толық қатысуын қамтамасыз етсін.
6. Мобильдік топтың жұмысы қорытыланын.
7. Мектептің әлеуметтік жағдайы әрдайым қадағаланып отырсын.
8. Интернат өз жұмысын жалғастырсын. Оқушылардың қауіпсіздігі қадағаланып отырсын.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:  Э.К. Культаева
Хатшы:  А. Байдуллаева

